

Ауданның мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ақы төлеудің мөлшерін белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 134 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 қыркүйекте N 13-13-111 тіркелді

2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына, 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабының 1-тармағына сәйкес Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына үйдің жалпы көлемінің 1 шаршы метріне 36,65 (отыз алты теңге алпыс бес тиын) теңге мөлшерінде төлемдердің көлемі белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 28.10.2014 N 310 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.М. Бейсембинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Е. Уәхитов
-------------	------------